

Ресей Федерациясының "Троицкая ГРЭС" ашық акционерлік қоғамының күл-қожыр қалдықтарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуіне байланысты мәселелерді реттеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі. 2003 жылғы 30 қаңтар N 14-ө
Ресей Федерациясының "Троицкая ГРЭС" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Троицкая ГРЭС" ААҚ) күл-қожыр қалдықтарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуіне байланысты мәселелерді реттеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|-----------------------|--|
| Мейстер | - Қостанай облысы әкімінің бірінші |
| Виктор Викторович | орынбасары, жетекші |
| Әлиев | - Қазақстан Республикасының |
| Ертісбай Ахметжанұлы | Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары |
| Бекеев | - Қазақстан Республикасының |
| Әділетбек Төлендіұлы | Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Мемлекеттік бақылау департаментінің басқарма бастығы |
| Кәрімов | - Қостанай облыстық қоршаған |
| Айдарбек Дәукенұлы | ортаны қорғау аумақтық басқармасының бастығы |
| Кочин | - Қостанай облысының Энергетика, |
| Владимир Федорович | өнеркәсіп және құрылыс департаментінің директоры |
| Литвинов | - Қазақстан Республикасының |
| Михаил Константинович | Сыртқы істер министрлігі ТМД істері жөніндегі комитеті екі жақты ынтымақтастық басқармасының бастығы |
| Нарымбетов | - Қазақстан Республикасының |
| Ербол Қабдылхамитұлы | Кедендік бақылау агенттігі кедендік бақылауды ұйымдастыру департаменті басқарма бастығының орынбасары |

Нұрмұхамбетов - Қостанай облысы Қарабалық
Ғауез Торсанұлы ауданының әкімі
Пасичник - Қостанай облысының бас
Василий Петрович мемлекеттік санитарлық дәрігері

2. Жұмыс тобы екі ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ресей Федерациясының "Троицкая ГРЭС"-тың күл-қожыр қалдықтарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуіне байланысты мәселелерді шешу жөніндегі ұсыныстарды енгізсін.

3. Жұмыс тобына белгіленген тәртіппен жұмыс тобының құзырына кіретін мәселелер бойынша орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың (келісім бойынша) мамандарын тартуға, сондай-ақ оған жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты сұратуға құқық берілсін.

Премьер-Министр